

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖАЛПЫ ОТЫРЫСЫ

2016 жылғы 18 мамыр

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Б.С.ІЗМҰХАМБЕТОВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті депутаттар! Барлығыңызды тіркеуден өтулеріңізді сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Біздің бүгінгі отырысымызға белгілі себептермен қатыспай отырған депутаттар: Айсина, Дулатбеков, Дьяченко, Мәкен, Омаров, Тілеухан, Тінікеев, Хахазов, Чирков.

Жұмысымызды бастау үшін қажетті кворум бар. Мәжілістің жалпы отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті әріптестер, 12 мамырда депутат Сұлтанов Қуаныш Сұлтанұлының туған күні болды.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. 13 мамырда әріптесіміз Әбдірайым Бақытжан Жарылқасынұлының туған күні болды.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. 16 мамырда Божко Владимир Карповичтің туған күні болды.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Осы әріптестерімізді шын жүректен құттықтап, зор денсаулық, отбастарына амандық, жұмыстарына табыс тілейміз.

Құрметті әріптестер, күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сол бойынша қандай пікірлеріңіз болады?

ОРНЫНАН. Қолдаймыз.

ТӨРАҒА. Онда күн тәртібі бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға көшеміз.

Бірінші мәселе - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Р.В.Склярдың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы.

Құрметті депутаттар, өздеріңіз білесіздер, әріптесіміз Роман Васильевич Скляр Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі болып тағайындалды.

Осы мәселеге байланысты сөз Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Сәрсембаев Марат Алдаңғорұлына беріледі.

СӨРСЕМБАЕВ М.А. Құрметті Төраға! Құрметті депутаттар! Сіздерге Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы ұсынымының мазмұнын жеткізуге рұқсат етіңіздер.

"Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2016 жылғы 17 мамырдағы №35 және №131 қаулыларына қосымша.

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі. Ұсыным.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 52-бабына, "Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы" 1995 жылғы 16 қазандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 24-бабы 2, 3 және 8-тармақтарына сәйкес және "Р.В.Скляр туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 17 мамырдағы №293 қаулысы негізінде Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Роман Васильевич Склярдың өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтату туралы мәселені шешу үшін ұсыным енгізіп отыр.

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Қ.Тұрғанқұлов".

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Марат Алдаңғорұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Қаулы қабылданды.

Құрметті әріптестер, Роман Васильевичке Парламент қабырғасында бірлесіп атқарған жұмысы үшін шын жүректен алғыс айтамыз. Алдағы уақытта да жаңа қызметті абыроймен атқаруына тілектестік білдіреміз.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Сөз Роман Васильевичке беріледі.

СКЛЯР Р.В. Құрметті Бақтықожа Салахатдинұлы! Құрметті әріптестер! Ең алдымен Қазақстан Республикасы Парламентіне келуіме себепші болған біздің Елбасымыз, "Нұр Отан" партиясының Төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлына зор алғыс айтамын.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

СКЛЯР Р.В. Я также хочу искренне поблагодарить вас, уважаемые коллеги, уважаемые депутаты, руководство нашей Палаты в лице Бактыкожи Салахатдиновича, за поддержку, которую вы мне оказывали.

Отдельно хочу отметить высокопрофессиональный Аппарат Палаты Парламента. Я абсолютно убежден, что все мы, депутаты Мажилиса Парламента шестого созыва, пусть даже и бывшие, будем с честью выполнять задачи, поставленные перед нами Лидером Нации, руководителем нашего государства, руководителем партии, и оправдаем доверие нашего народа. Большое спасибо.

ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Роман Васильевич, Сізге толайым табыс тілейміз. Көп рақмет. Сау болыңыз.

Келесі мәселе - Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептері бойынша қорытынды әзірлеу жөнінде. Бұл мәселе бойынша сөз Қаржы және бюджет комитетінің төрайымы депутат Қарақұсова Гүлжан Жанпейісқызына беріледі.

ҚАРАҚҰСОВА Г.Ж. Құрметті Бактықожа Салахатдинұлы! Құрметті әріптестер! Қазақстан Республикасының Үкіметі 2016 жылғы 16 сәуірде Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына 2015 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті енгізді.

2016 жылғы 13 маусымда Парламент қарауына Есеп комитетінің 2015 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есебі (Қазақстан Республикасы Үкіметінің есебіне қорытынды) енгізілді.

Бюджеттің атқарылуы 2015 жылы 99,8 пайызды құрады. 16 миллиард теңге игерілмеді.

26 бюджеттік бағдарлама әкімшісінің 50 пайызы бюджет қаражатын толық игермеген.

Қаржы және бюджет комитеті аталған есептерді қарап, 2016 жылғы 22 маусымға дейін қорытынды әзірлеуге дайын. Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет, Гүлжан Жанпейісқызы.

Құрметті әріптестер, қандай пікірлеріңіз бар?

ОРНЫНАН. Қолдаймыз.

ТӨРАҒА. Онда қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Қаулы қабылданды.

Келесі мәселе - "1998 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Жер қойнауын пайдалануға арналған егемендік құқықтарды

жүзеге асыру мақсатында Каспий теңізі солтүстік бөлігінің түбін межелеу туралы келісімге Хаттамаға өзгеріс енгізу туралы Хаттаманы ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша қорытынды әзірлеу жөнінде. Бұл мәселе бойынша сөз Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы депутат Мәулен Сағатханұлы Әшімбаевқа беріледі.

ӘШІМБАЕВ М.С. Құрметті Бақтықожа Салахатдинұлы! Құрметті әріптестер! Осы келісім Қазақстан мен Ресейдің уәкілетті ұйымдарының Каспий теңізі солтүстік бөлігінің түбінің "Центральная" геологиялық құрылымында пайдалы қазбаларға геологиялық зерделеу, барлау және өндіру жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Комитет осы заң жобасын жұмысқа алуға және ол бойынша қорытынды әзірлеуге дайын. Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, қарсылық жоқ қой?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Қаулы қабылданды.

Келесі мәселе - "Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарында бірлескен жедел-тергеу топтарын құру тәртібі және олардың қызметі туралы келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша қорытынды әзірлеу жөнінде. Бұл мәселе бойынша да сөз депутат Әшімбаев Мәулен Сағатханұлына беріледі.

ӘШІМБАЕВ М.С. Құрметті Бақтықожа Салахатдинұлы! Құрметті әріптестер! Осы келісім тараптардың аумағында өзара байланысты қылмыстарды ашу және тергеп-тексеру үшін бірлескен жедел-тергеу топтарын құру мәселелерін реттейді.

Комитет осы заң жобасын жұмысқа алуға және ол бойынша қорытынды әзірлеуге дайын. Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Қандай пікірлеріңіз болады?

ОРНЫНАН. Қолдаймыз.

ТӨРАҒА. Онда қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Қаулы қабылданды.

Келесі мәселе - "Жәбірленушілерге зиянды өтеу қоры туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша қорытынды әзірлеу жөнінде. Бұл мәселе

бойынша сөз Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің төрағасы депутат Әбдіров Нұрлан Мәжитұлына беріледі.

ӘБДІРОВ Н.М. Құрметті Бақтықожа Салахатдинұлы! Құрметті әріптестер! Парламент Мәжілісіне "Жәбірленушілерге зиянды өтеу қоры туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы келіп түсті.

Заң жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 9 сәуірдегі №278 өкімімен бекітілген Қылмыстық заңның және қылмыстық сот өндірісінің жаңа моделіне, жетілдірілген әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамаға және қылмыстық жазаларды атқару жүйесіне көшу жөніндегі бірыңғай мемлекеттік іс-қимыл жоспарының 17-тармағын орындау мақсатында әзірленген.

Заң жобасы Қазақстан Республикасы Қылмыстық процессуалдық кодексінің 173-бабына сәйкес жәбірленушілерге зиянды өтеу қорын құру арқылы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жәбірленушілерге келген зиянды өтеу саласында пайда болатын қоғамдық қатынастарды, сондай-ақ оларды өтеудің құқықтық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық негіздерін реттеуге бағытталған.

Қаулы жобасы сіздерде бар. Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Қандай пікірлеріңіз болады?

ОРНЫНАН. Қолдаймыз.

ТӨРАҒА. Онда қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Қаулы қабылданды.

Келесі мәселе - "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Жәбірленушілерге зиянды өтеу қоры қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша қорытынды әзірлеу жөнінде. Бұл мәселе бойынша да сөз депутат Нұрлан Мәжитұлы Әбдіровке беріледі.

ӘБДІРОВ Н.М. Құрметті Бақтықожа Салахатдинұлы! Құрметті әріптестер! Парламент Мәжілісіне "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Жәбірленушілерге зиянды өтеу қоры қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы келіп түсті.

"Жәбірленушілерге зиянды өтеу қоры туралы" Заң жобасына ілеспелі болып табылатын бұл заң жобасы да Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 9 сәуірдегі №278 өкімін жүзеге асыру мақсатында әзірленген.

Қаулы жобасы сіздерде бар. Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Қандай пікірлеріңіз болады?

ОРНЫНАН. Қолдаймыз.

ТӨРАҒА. Онда қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Қаулы қабылданды.

Құрметті әріптестер, келесі мәселе - "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Сауд Арабиясы Корольдігінің Үкіметі арасындағы табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияны және оған Хаттаманы ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Бақыт Тұрлыханұлы Сұлтанов мырзаға беріледі.

СҰЛТАНОВ Б.Т. Құрметті Бақтықожа Салахатдинұлы! Құрметті депутаттар! Сіздерге қолдау үшін ұсынылып отырған конвенцияны ратификациялау:

біріншіден, уағдаласушы мемлекеттердің резиденті болып табылатын заңды және жеке тұлғалардың табыстарына қосарланған салық салуды жоюға мүмкіндік береді. Салық төлеушіге бір рет, яғни уағдаласушы мемлекеттердің бірінде ғана салық төлеу рәсімі бекітіледі, ал әріптес мемлекет салықтың төленген сомасын есепке жатқызады;

екіншіден, инвестициялар үшін қолайлы жағдай жасау арқылы Қазақстан мен Сауд Арабиясы арасындағы экономикалық ынтымақтастықты нығайтып, кеңейтуге жол ашады;

үшіншіден, екі мемлекеттің құзыретті органдары арасында салық мәселелері бойынша ақпарат алмасу арқылы салықтан жалтаруларды болдырмау мәселесін шешуге көмектеседі.

Конвенцияның жекелеген баптары қызметін уағдаласушы мемлекеттерде жүзеге асыратын әртістердің, спортшылардың, мемлекеттік қызметшілердің, студенттердің, оқытушылар мен зерттеушілердің табыстары мен өзге де төлемдеріне салық салу тәртібін көрсетеді.

Енді Сауд Арабиясымен өзара сауда туралы статистикалық деректерге тоқтала кеткен жөн.

Қазақстан мен Сауд Арабиясы Корольдігі арасындағы тауар айналымы соңғы 10 жылда 268 миллион АҚШ долларын, оның ішінде 2015 жылы 16 миллион АҚШ долларын құрады. Қара металдан жасалған бұйымдар, тазартылған мыс және мыс қоспалары еліміздің экспортының негізгі баптары болып табылады. Импорт құрылымында дәрілік заттар мен пластмассалар сияқты тауарлар басымдыққа ие. Сауд Арабиясынан шетелдік инвестициялар Қазақстан Республикасына соңғы 10 жылда 94 миллион АҚШ долларын, оның ішінде 2015 жылы 8 миллион АҚШ долларын құрады.

Конвенцияны іске асыру мемлекеттік бюджеттен қаржы шығындарын талап етпейді.

Конвенцияны ратификациялау мемлекеттер арасында экономикалық қарым-қатынастарды кеңейтуге қосымша серпін береді, қолайлы инвестициялық ахуал жасайды.

Құрметті депутаттар, осы конвенцияны ратификациялау бойынша оң шешім қабылдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңыз үшін рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Баяндама аяқталды. Енді сұрақ беру рәсіміне көшеміз.

Сөз депутат Құсайыновқа беріледі.

ҚҰСАЙЫНОВ С.Д. Рақмет, құрметті Бақтықожа Салахатдинұлы.

Мен қаралып отырған заң жобасын толығымен қолдаймын, дегенмен баяндамашыдан келесі мәселелерді нақтылағым келіп отыр.

Құрметті Бақыт Тұрлыханұлы! Осы конвенцияда оқытушыларға, ғылыми қызметкерлерге, студенттерге, тағылымдамадан өтушілер мен мемлекеттік қызметшілерге салық салуды реттейтін нормалар бар. Конвенция осы санаттағы азаматтарға не беретінін түсіндіріп өтсеңіз?

Бүгінгі күні Сауд Арабиясында Қазақстанның қанша азаматы және Қазақстанда Сауд Арабиясының қанша азаматының жүргенін айтсаңыз.

СҰЛТАНОВ Б.Т. Сұрағыңызға рақмет.

Сауд Арабиясына Қазақстаннан мемлекеттік қызметшілер және студенттер жіберілген кезде, оларға жалақысы немесе стипендиясы берілгенде Қазақстаннан салығын төлейді, ал оқытушылар мен зерттеушілер Сауд Арабиясына жіберілгенде, олар табыс салығынан босатылатын болады. Дәл сол сияқты, мысалы, Сауд Арабиясынан келген студенттер болса, мемлекеттік қызметшілер мен басқа да тұлғалар болса, оларға да осындай рәсім сақталады.

Статистиканы айта кетсем, қазіргі күні Қазақстан Республикасының 64 азаматы Сауд Арабиясында оқуда, ал бізде олардың студенттері тіркелмеген. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Қаратаев Фахриддин Әбдінабиұлына беріледі.

ҚАРАТАЕВ Ф.Ә. Рақмет, құрметті Бақтықожа Салахатдинұлы.

Аталған заң жобасын қолдай отырып, мен баяндамашыға қоятын екі сұрағым бар.

Құрметті Бақыт Тұрлыханұлы! Талқыланып отырған келісімнің 5-бабында көрсетілген "тұрақты мекеме" термині нені білдіреді?

Екінші сұрақ. Қолданыстағы салық келісімдеріне өзгерістер енгізу жоспарланып отыр ма?

СҰЛТАНОВ Б.Т. Рақмет.

"Тұрақты мекеме" деген ол Қазақстан Республикасына резидент емес тұрақты қызмет орны болып табылады. Мысалы, жұмыстар мен қызмет көрсету жағында тұрақты мекеме алты айдың ішінде ашылу қажет. Ал табиғи ресурстарды барлау жұмыстарын өткізген кезде немесе өндіру жұмыстарын жүргізген кезде осындай тұрақты мекеме бірінші күннен бастап ашылу қажет.

Кешіріңіз, екінші сұрақты қайталап жіберсеңіз.

ҚАРАТАЕВ Ф.Ә. Екінші сұрақ. Қолданыстағы салық келісімдеріне өзгерістер енгізу жоспарланып отыр ма?

СҰЛТАНОВ Б.Т. Қазіргі күні біз осындай жұмысты жүргізіп жатырмыз. Жалпы, 49 елмен осындай конвенцияларға қол қойылған. Бірақ қазіргі күні біз алты мемлекетпен осындай келісімшартқа келіп отырмыз, өзгерістер туралы. ОЭСР-дің моделдік конвенциясына 2008 жылдан бері біраз өзгерістер енгізілген. Біздің де салық заңнамасына өзгерістер енгізілгеннен кейін, осы конвенцияларға өзгерістер енгізу туралы жұмысты жүргізіп жатырмыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Ахметов Сапар Қайратұлына беріледі.

АХМЕТОВ С.Қ. Рақмет, құрметті Төраға.

Заң жобасымен конвенцияға қатысушы мемлекеттердің резиденттері болып табылатын заңды және жеке тұлғалардың табыстарына қосарланған салық салуды болдырмау көзделген. Ол өте дұрыс. Өйткені бұл ереже қатысушы мемлекеттер арасында экономикалық қарым-қатынасты нығайтып, инвестиция тарту үшін қолайлы жағдай жасайды. Осыған орай Бақыт Тұрлыханұлына бір сұрағым бар.

Конвенциялардың ережелері бойынша Қазақстан Республикасында салықтың қанша түрі қарастырылған? Рақмет.

СҰЛТАНОВ Б.Т. Конвенция бойынша салық түріне табыстан алынатын салықтар жатады, ол - корпоративтік табыс салығы және жеке тұлғалардың салығы. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Қаракен Құралай Әнуарқызына беріледі.

ҚАРАКЕН Қ.Ә. Рақмет, құрметті Бақтықожа Салахатдинұлы.

Мен де қаралып отырған заң жобасын қолдаймын. Сонымен бірге баяндамашыға сұрақ қойғым келіп отыр.

Құрметті Бақыт Тұрлыханұлы! Осындай қосарланған салықты болдырмау конвенциясы Қазақстан тарапынан қанша мемлекетпен жасалды? Рақмет.

СҰЛТАНОВ Б.Т. Жаңа мен айтып кеттім, осындай қосарланған салықты жою туралы конвенцияға 49 мемлекетпен қол қойылған. Қазіргі күні біз қосымша тағы алты елмен осындай келіссөз жүргізіп жатырмыз. Алты мемлекетпен өзгеріс туралы келісімдерге келдік. Чехиямен бір хаттамаға қол қойылып, былтырғы жылы Парламентте ратификацияланған болатын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Казанцев Павел Олеговичке беріледі.

КАЗАНЦЕВ П.О. Спасибо, уважаемый Бақтықожа Салахатдинович.

Я поддерживаю данный законопроект. Бахыт Турлыханович, прошу ответить на такие вопросы.

27 апреля Глава государства Нурсултан Абишевич Назарбаев встречался с министром иностранных дел Королевства Саудовская Аравия. Состоялся достаточно обширный диалог по вопросам экономического сотрудничества в торгово-экономической, финансово-инвестиционной, нефтехимической, культурно-гуманитарной и других сферах. Вы сказали, что конвенция будет способствовать увеличению товарооборота и инвестиционной активности между нашими государствами. В этой связи у меня два вопроса:

- каковы прогнозы министерства по количественным и качественным показателям роста инвестиционной активности;
- в каких проектах, программах и направлениях инвестиционная активность будет реализоваться прежде всего? Спасибо.

СҰЛТАНОВ Б.Т. Действительно, о показателях товарооборота и инвестициях я уже говорил - 268 миллионов долларов за десять лет, 94 миллиона долларов инвестиций Саудовской Аравии. Чтобы развивать этот потенциал, нужны как раз такие конвенции. Статистика показывает, что за последние десять лет по тем странам, с которыми такие конвенции были заключены, инвестиции составили 169 миллиардов долларов (81,4 процента от всех инвестиций за эти десять лет). По Саудовской Аравии проводится соответствующая работа межправительственной комиссией.

С нашей стороны были предложены инициативы по совместной реализации ряда проектов по нефтепереработке, инфраструктуре нефтегазового сектора, строительной индустрии и фармацевтике. Пока есть один проект по фармацевтической отрасли, к которому предприниматели Саудовской Аравии проявили интерес, то есть реализация совместного проекта на территории Казахстана. Спасибо.

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, тағы сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Бақыт Тұрлыханұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді қосымша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі депутат Ержан Құдайберген Төлепұлына беріледі.

ЕРЖАН Қ.Т. Рақмет, Бақтықожа Салахатдинұлы.

Құрметті әріптестер! Негізгі баяндамашы қаралып отырған мәселенің мәнін жан-жақты айтып өтті. Мен келесі мәселелерге тоқталып өтейін.

Осы конвенция Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы мен Біріккен Ұлттар Ұйымы әзірлеген үлгілік Салық келісімі моделдерінің негізінде әзірленді.

Конвенция мен хаттаманы Арабиясы Корольдігінің тарапы ратификациялаудан өткізді.

Заң жобасы бойынша Мәжілістің барлық комитеттері оң қорытындыларын берген.

Заң жобасы жұмыс топтарының және комитеттің отырыстарында қаралды.

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті осы заң жобасын мақұлдап, Сенатқа жіберуді ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет, Құдайберген Төлепұлы.

Құрметті депутаттар, енді заң жобасын талқылауға көшеміз.

Слово предоставляется депутату Бычковой Светлане Федоровне.

БЫЧКОВА С.Ф. Уважаемый Председатель! Уважаемые коллеги! Практика избежания двойного налогообложения и предотвращения уклонения от уплаты налогов на мировом пространстве регулируется рядом многосторонних конвенций, таких как модельное Соглашение по экономическому сотрудничеству и развитию Организации экономического сотрудничества и развития, модельная Конвенция ООН о двойном налогообложении между развивающимися странами, и заключенными двусторонними договорами, к каковым относится и рассматриваемая конвенция. Подробное ее содержание было освещено предшествующими докладчиками. Оно включает все позиции, необходимые для такого рода документов.

Хочу подчеркнуть, что подлежащая ратификации конвенция между Правительством Республики Казахстан и Правительством Королевства Саудовская Аравия является одним из более чем сорока подобных актов, предусматривающих устранение двойного налогообложения доходов юридических и физических лиц, резидентов Казахстана и каждого из договаривающихся с ним государств.

Конечными ее целями являются укрепление и расширение экономического сотрудничества между Казахстаном и Королевством Саудовская Аравия путем укрепления стабильности налоговых отношений, снижения налоговой нагрузки на иностранные компании, ведущие деятельность в нашем государстве, и, как следствие, увеличение товарооборота и инвестиций между нашими странами.

На основании вышеизложенного предлагаю одобрить обсуждаемый законопроект. Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, тағы талқылауға қатысамын деген депутаттар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда бір ғана ұсыныс түсті - заң жобасын тұтастай мақұлдау жөнінде. Осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Енді осы мәселе бойынша қаулы қабылдауымыз керек. Сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Қаулы қабылданды.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, бүгінгі күн тәртібіндегі мәселелердің бәрін қарап болдық.

Енді депутаттық сауалдарды жариялауға көшеміз.
Сөз депутат Нурумов Шаймардан Усаиновичке беріледі.

НУРУМОВ Ш.У. Рақмет, құрметті Төраға.

Біздің депутаттық сауалымыз Ауыл шаруашылығы министрі Мырзахметовке жолданады.

"Құрметті Асқар Исабекұлы! Аграрлық сектор мемлекет экономикасының аса маңызды саласының бірі болып табылады. Өйткені ауыл шаруашылық өнімдерін жеткілікті дәрежеде өндіретін ел ғана толық тәуелсіз ел болып саналады. Еліміз ауыл шаруашылығы саласының мүмкіндігі мол және зор потенциалы бар. Климаттық әралуандылық елімізге дәнді дақылдардың басым көпшілігін өндіруге және мал шаруашылығын ауқымды деңгейде дамытуға зор мүмкіндік береді. Бірақ аталмыш саланы дамыту барысында атқарылып жатқан шаруалардың жеткілікті деңгейде болмай отырған жайы бар.

Осы жылдың 4-6 мамыры аралығында Мәжіліс депутаттарының өңірлерге іссапары аясында біз Қостанай облысында болдық. Елімізде астық өндіруде жетекші өңірлердің бірі болып саналатын бұл өңірде тұрғындардың көптеген келелі мәселелерін қарадық. Елмен кездесу барысында жиі қойылған сұрақтардың бірі - астық қоймаларын салуға арналатын жеңілдетілген несиелер. Шаруалар астық өнімдерін өндіру барысында астық қоймалары тапшылығын көріп жатыр. Сактау қоймаларының жетіспеуінен жиналған астықты қысқа мерзімде және арзан бағаға өткізіп жіберуге мәжбүр болып жатыр. Бұл өз кезегінде табыстың тиісті деңгейде түспеуіне әкеп соғуда. Осы мәселені реттеуге бағытталған қандай іс-шаралар Үкімет тарапынан қолға алынып жатыр?

Осы депутаттық сауалға "Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 27-бабына сәйкес жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

Құрметпен депутаттар Ш.Нурумов, И.Клименко". Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Пішембаев Мейрам Құдайбергенұлына беріледі.

ПІШЕМБАЕВ М.Қ. Рақмет, Бақтықожа Салахатдинұлы.

Наш депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан.

"Павлодарская область занимает одно из первых мест в Республике Казахстан по уровню онкологической заболеваемости и смертности от злокачественных новообразований.

За 2015 год показатель заболеваемости в области составил 298 человек на 100 тысяч населения. Показатель смертности составил 141 человек на 100 тысяч населения. Отмечается рост показателя болезненности в 2014 году - 1294 на 100 тысяч населения, в 2015 году - 1338, что свидетельствует о накоплении онкологических больных в области. На учете в областном онкологическом диспансере на начало 2016 года состоит более 10 тысяч человек. Ежегодно в области регистрируются более 2 тысяч лиц, впервые заболевших злокачественными новообразованиями.

Областной онкологический диспансер рассчитан на 160 круглосуточных коек и 20 коек дневного пребывания. Больница размещена в двух зданиях, территориально находящихся в разных частях города. Основной корпус размещен в приспособленном здании, 1960 года постройки, в бывшем общежитии, не соответствует в полном объеме санитарным правилам и нормам. На одном этаже коридорного типа размещено до пяти структурных подразделений. Операционный блок развернут на первом этаже, реанимационное отделение находится на третьем этаже, что создает трудности при транспортировке послеоперационных больных. Корпус радиологического отделения, куда возят больных на лечение после операций, находится на расстоянии 5-6 километров (вообще в другом конце города).

В связи с высокой онкологической заболеваемостью имеет место очередность на госпитализацию больных. Большое количество нуждающихся в оказании амбулаторной помощи вызывает проблему очередей в диспансерном отделении.

Депутаты Мажилиса Парламента четвертого и пятого созывов неоднократно обращались к Вам по строительству данного объекта.

С учетом роста заболеваемости контингента онкологических больных в обществе необходимо строительство типового здания онкологического диспансера на 200 коек.

В настоящее время разработана проектно-сметная документация на общую сумму 7,2 миллиарда тенге. Получено заключение госэкспертизы от 1 августа 2015 года по рабочему проекту "Строительство областного онкологического центра в городе Павлодаре". Начало строительства было запланировано на 2015 год, но в связи с экономической ситуацией в стране строительство отменено.

Учитывая крайнюю востребованность данного объекта, просим Вас предусмотреть выделение финансовых средств на сумму 800 миллионов тенге на начало строительства в 2017 году.

С уважением депутаты Мажилиса Парламента Пшембаев, Курманова, Нуркина, Суслов, депутаты Сената Парламента Бобров, Кубенов, Кузиков".

ТӨРАҒА. Слово предоставляется депутату Щегельскому Глебу Анатольевичу.

ЩЕГЕЛЬСКИЙ Г.А. Наш депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан.

"Уважаемый Карим Кажимканович! 11 мая 2016 года члены рабочей комиссии при фракции партии "Нұр Отан" в Мажилисе Парламента Республики Казахстан по контролю за целевым и эффективным расходованием бюджетных средств, выделяемых из Национального фонда Республики Казахстан на реализацию Государственной программы инфраструктурного развития "Нұрлы жол" на 2015-2019 годы по направлению "Развитие транспортно-логистической инфраструктуры", посетили строящийся новый пассажирский терминал и реконструируемую взлетно-посадочную полосу аэропорта города Астаны, входящие в Государственную программу инфраструктурного развития "Нұрлы жол". Сдача данных объектов в эксплуатацию запланирована в 2017 году в преддверии международной выставки "ЭКСПО-2017".

В настоящее время на строительство вышеуказанных объектов из средств республиканского бюджета выделено 29 миллиардов тенге, из которых уже освоено 26,7 миллиарда тенге. При этом из средств Национального фонда Республики Казахстан также запланировано выделение дополнительных средств в размере 10 миллиардов тенге.

